

Әлеуметтік салықты есептеу мен төлеудің тәртібі туралы N 46 Нұсқау

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 10 ақпан N 49. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 наурызда тіркелді. Тіркеу N 717. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН: Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі: 36. "Әлеуметтік салықты есептеу мен төлеудің тәртібі туралы" N 46 Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 10 ақпандағы N 49 V990717_ бұйрығы. -----

----- Ескерту. "Салық және бюджетке міндетті басқа да төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы" деген сөздер "Салық және бюджетке міндетті басқа да төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы" деген сөздермен, "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңның", "Заңмен", "Заңда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 4.08.1999 ж. N 929 V990886_ бұйрығымен. Осы Нұсқау Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235_ заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген. I. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік салық төлеушілер:

занды тұлғалар (шетелдіктердің қатысуы бар заңды тұлғаларды, шетелдік заңды тұлғалардың өкілдіктері мен филиалдарын қоса);

осы Нұсқаудың 3-тармағына сәйкес әлеуметтік салық салынатын объектілері бар, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар болып табылады. Ескерту. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990803_ бұйрығымен. 2. Әлеуметтік салық төлеушілер салық төлеуді өздерінің тұрған жері бойынша жүзеге асырады. Заңды тұлғалар өздерінің филиалдары, өкілдіктері мен өзге де ерекшеленген құрылымдық бөлімшелері үшін әлеуметтік салық төлеуді олардың орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттеріне болмаса Астана, Алматы қалаларының тиісті

бюджеттеріне немесе облыстық бюджеттерге осы Нұсқаудың 1-қосымшасында көзделген тәртіп бойынша жүзеге асырады. Ескерту. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 21.03.2000 ж. N 210 V001103_ бұйрығымен. Ескерту. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 24.05.2001 ж. N 660 V011583_ бұйрығымен. II. Салық салу объектісі 3. Еңбекке ақы төлеу қоры әлеуметтік салық салу объектісі болып табылады.

Еңбекке ақы төлеу қорының құрамына жалақының, түрлі сыйақылардың, төлемақылардың, үстеме ақылардың, төлемдердің, ақшалай немесе нақты нысанда (қаржыландыру көзіне қарамастан) есептелген, заңдарда жұмыс істелмеген уақыт үшін қызметкерлерге есептелген ақшалай қаржыларды қоса жалақының барлық түрлері қосылады.

Еңбекақы қорына енгізілетін төлемдер тізбесі осы Нұсқауға N 5 қосымшада келтірілген.

Ескерту. 3-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990803_ бұйрығымен.

Ескерту. 3-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 4.08.1999 ж. N 929 V990886_ бұйрығымен.

4. Салық төлеушілер мынандай төлем түрлеріне әлеуметтік салық есептемейді:

1) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалармен және заңды тұлғалар ұстап қалатын зейнетақы жинақтаушы қорларына жеке адамдардың (қызметкерлердің) міндетті зейнетақы жарналары, Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес "Зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынған кірісті анықтау тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын ұстау және аудару ережесіне сәйкес а й қ ы н д а л а д ы " ;

2) пайдаланылмаған демалыс үшін өтем еңбек демалысынан шақырту кезінде және қызметкердің босауы кезінде;

3) ұйым тараған немесе жұмыс берушінің қызметі тоқтаған, жұмысшылардың саны және штаты қысқарған жағдайда, жеке еңбек шартын бұзу кезінде, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әскери қызметке қызметкерді шақыру кезінде орта айлық жалақы мөлшерінде төленетін өтемақы;

4) геологиялық барлау, топографиялық геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен айналысатын жұмысшыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде егістік жабдықтылығы;

5) кезекшілік әдісті жұмыстарды немесе жылжымалы сипатпен байланысты

жұмыстарды атқаратын жұмысшылардың жалақысына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде қосымша;

6) берілген арнайы киімнің, арнайы аяқкиім мен басқа да жеке қорғану құралдарының, сабынның, май кетіретін құралдардың, сүт пен емдік-профилактикалық тамақтың құны; Осы төлемдер "Еңбекті қорғау туралы" Z933000_ Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 22 қаңтардағы Заңында белгіленгендерге сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен еңбек шарты бойынша жұмысшыларға жүргізіледі.

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзінің еңбек міндеттемесін орындауға байланысты мертігуінен болмаса өзгелей денсаулығының зақымдануынан жұмысшыға келтірілген залалды өтеу (шығындалған табыстың бөлігінде өтеуден басқа). Жұмысшыға келтірілген залалды өтеу тәртібі "Өзінің еңбек міндеттемесін орындауға байланысты мертігуінен болмаса денсаулығының зақымдануынан жұмысшыға немесе қызметкерге келтірілген залалдың барлық нысандары меншігінде мекемелердің, ұйымдардың өтеу ережесін бекіту туралы" P930201_ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 наурыздағы N 201 қаулысымен реттеледі";

8) спорт жарыстарында, байқауларда, конкурстарда және тағы сол сияқтыларда жүлделі орындарға берілетін ақшалай сыйлықтар;

9) әскери қызметшілер мен ішкі істер органдары қызметкерлерінің ақшалай а қ ы л а р ы ;

10) қызметкерлерге бала туғанда, ақылы медициналық операция жасату үшін, жерлеуге арнап көрсетілетін материалдық көмек;

11) ұйыммен бірге басқа орынға жұмысқа аудару кезінде болмаса өту кезінде жүру, мүлікті тасымалдау және үй-жайды жалдау бойынша құжатты расталған ш ы ғ ы с т а р д ы ң ө т е м а қ ы с ы ;

12) жүктілігі мен босануы бойынша жалпы ауруларға байланысты уақытша еңбек етуге жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы және бала асырап алған әйелге (еркекке) әлеуметтік жәрдемақы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 маусымдағы N 731 P990731_ қаулысында бекітілген Жұмыс берушінің қаражаты есебінен әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібі туралы нұсқаулықта белгіленген ;

13) экологиялық апат және ядролық сынау полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтарға берілген төлемақы. Төлемақы мөлшері "Арал маңындағы экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңында және "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық

сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Z923600_ Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңында белгіленген ;

14) табыс салығы салынған еңбек ақыдан аударулардан құралған кәсіподақ бюджеті қаражатынан кәсіподақ мүшелері үшін материалдық көмек.

15) мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері және халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілетін гранттар қаражаттары есебінен жүргізілетін төлемдер. Грант - мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері, мемлекеттік, халықаралық және қоғамдық ұйымдар және Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары Қазақстан Республикасының Үкіметіне, заңды тұлғаларға (оның ішінде резидент еместерге) , олардың филиалдарына, өкілдіктеріне және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелеріне, сондай-ақ жеке тұлғаларға белгілі мақсаттарға (міндеттерге) жету үшін тегін негізде ұсынылатын мүлік болып табылады.

Шетел мемлекетімен (мемлекеттерімен) болмаса халықаралық құқықты реттейтін халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарт (келісім) мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері және халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілетін гранттар қаражаттары есебінен жүргізілетін әлеуметтік салық төлемінен босатылу үшін растау болып табылады" ; 16) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің үкім шығаруымен мемлекеттік сыйақылар, степендиялар; 17) өз жұмысшыларына жеке жинақтаушы емес сақтандыру шарты бойынша жұмыс беруші төлейтін сақтандыру сыйақылары. Ескерту. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990803_ бұйрығымен.

Ескерту. 4-тармақтың толықтырылды, өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 4.08.1999 ж. N 929 V990886_ бұйрығымен. Ескерту. 4-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 21.03.2000 ж. N 210 V001103_ бұйрығымен. Ескерту. 4-тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 24.05.2001 ж. N 660 V011583_ бұйрығымен. 5. Әлеуметтік салық қаржыландыру көздеріне қарамастан тиісті салықтардың ұсталуына дейін есептеледі. III. Әлеуметтік салықты есептеу мен төлеудің тәртібі

6. Әлеуметтік салықты мыналар төлейді:

а) заңды тұлғалар сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша жүрген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар:

Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбегіне ақы төлеу қорынан 26 процент ставка бойынша ;

Мердігерлік, жалдау жеке еңбек шарттары (келісім-шарт), шарт немесе өзгелей азаматтық құқықтық сипаттағы шарт негізінде қызметті жүзеге асырған кезде, сондай-ақ шетел азаматы және азаматтығы жоқ тұлғалар әлеуметтік салық төлеушілер мүддесінде Қазақстан Республикасына жұмысқа іссапарға жіберілген

жағдайларда, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалардың немесе жеке тұлғалардың жұмысшылары шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар деп танылады. Әлеуметтік салық қазақстандық көзден төленетін жалақы түріндегі кірістен ескеріліп есептеледі.

Қазақстан Республикасының шегінде резидент емес жеке тұлғалар қазақстандық көзден кіріс алған жағдайда, көрсетілген тұлғаларға еңбекақы төлеу қоры осы Нұсқаулыққа N 6 қосымшаға сәйкес Әлеуметтік салықты төлеушілер беретін болжанған кіріс туралы анықтамада көрсетілген олар мәлімделген кіріс сомасы негізінде айқындалады. Аталған жеке тұлғалар Болжанған кіріс туралы анықтамамен мәлімделген кіріс сомасын растайтын шетел заңды тұлғалары мен резидент емес жеке тұлғалар арасында жасалған мердігерлік жалдау жеке еңбек шарттары (келісім-шарт), шарт немесе өзгелей азаматтық құқықтық сипаттағы шарттың көшірмесін бірге береді.

а-1) еңбекақы төлеу қорынан 25,5 процент ставкасы бойынша мемлекеттік м е к е м е л е р м е н ;

б) Ақыл-ой және дене дамуы бұзылған балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу мен еңбекке оңалту орталығы, еңбекке ақы төлеу қорынан 20,5 процент ставка бойынша;

в) "Ардагер" Республикалық зейнеткерлер кәсіпорындары бірлестігі, сондай-ақ сол бірлестіктің меншігі болып табылатын және соның қаржылары есебінен құрылған, тек зейнеткерлер жұмыс істейтін өндірістік, оқу-өндірістік ұйымдар, "SOS - Қазақстанның балалар ауылы" Балалар қайырымдылық қоры, Қызыр Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамы, Ауғанстандағы соғыс ардагерлері Қазақ республикалық ұйымының Республикалық кәсіпорындар бірлестігі (өндірістік ұйымдардан басқа), Ауғанстандағы соғыс мүгедектерінің Ерікті қоғамы (өндірістік ұйымдардан басқа), еңбекке ақы төлеу қорынан 7,5 процент ставка бойынша. Олар сауда-делдалдық қызметтен, акциздеуге жататын тауарлар өндіруден және сатудан кіріс тапқан жағдайда салық 8 процент ставка бойынша т ө л е н е д і ;

г) Қазақстан Республикасы Мүгедектерінің ерікті қоғамы, қазақ саңыраулар қоғамы, Қазақ соқырлар қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және солардың қаржылары есебінен құрылған, мүгедектер жұмыс істейтіндердің жалпы санының кемінде 50 процентін құрайтын өндірістік, оқу-өндірістік ұйымдар, Асырауында балалары бар Республикалық "Бибі-Ана" мүгедек әйелдер қоғамы, психофизикалық дамуы бұзылған мүгедектер мен балаларға қамқорлық жасау жөніндегі "Ақ бота" Лигасы қоғамдық бірлестігі, еңбекке ақы төлеу қорынан 6,5 процент ставка бойынша. Олар сауда-делдалдық қызметтен, акциздеуге жататын тауарлар өндіруден және сатудан кіріс тапқан жағдайда салық 7 процент ставка бойынша төленеді;

д) шаруа (фермерлік) қожалықтарынан басқа заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар, сондай-ақ патент негізінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштен 60 процент мөлшерінде, сондай-ақ салық салынатын кірісті айқындау кезінде ұстап қалуға жатқызылмайтын шығыстардан басқа оны алумен байланысты шығыстар минусы үшін есептік кірістен қосымша 10 п р о ц е н т ;

д-1) патент негізінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштен 49 процент мөлшерінде, сондай-ақ патент құнын айқындау кезінде көрсетілген салық салынатын айлық кірістен қосымша 5 процент;

е) айлық есептік көрсеткіштен 20 процент мөлшерінде шаруа (фермерлік) қожалықтары әрбір қызметкер, шаруа (фермерлік) қожалық басшысы және шаруа (фермерлік) қожалығының әрбір басшысы үшін;
ж)

Ескерту. 6-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990803_ бұйрығымен.

Ескерту. 6-тармақтың толықтырылды, өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 4.08.1999 ж. N 929 V990886_ бұйрығымен.

Ескерту. 6-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 21.03.2000 ж. N 210 V001103_ бұйрығымен.

Ескерту. 6-тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 24.05.2001 ж. N 660 V011583_ бұйрығымен.

ба. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп, уақытша еңбекке жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы, бала тууы кезінде, жерлеу жөніндегі жұмыс берушілер есептеген сомалардың асырылуы нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын еңбекақы қорының 1,5 проценті шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне есептеледі.

Ескерту. ба-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990803_ бұйрығымен.

бб. Мемлекеттік мекемелердің есепті кезеңдегі әлеуметтік салыққа есептелген сомасы еңбекақы қорының 1,5 проценті шегінде уақытша еңбекке жарамсыздығы , жүктегі мен босануы жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген сомаға азайтылады.

Есепті кезеңдегі еңбекақы қорынан 1,5 проценттен асатын жүктілігі мен босануы бойынша, уақытша еңбекке қабілетсіздігі бойынша жәрдемақылар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген сома келесі есепті

кезеңге көшіріледі және осы тармақпен белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдармен есептелген соманы азайтады.

Ескерту. 6б-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990803_ бұйрығымен.

Ескерту. 6б-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 21.03.2000 ж. N 210 V001103_ бұйрығымен.

7. Әлеуметтік салық бойынша декларация аумақтық салық органдарына ұ с ы н ы л а д ы :

- осы Нұсқауға 3-қосымшада көрсетілген нысан бойынша кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар (патент негізінде өз қызметін жүзеге асыратындардан басқа), осы Нұсқауға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша заңды тұлғалар есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей тоқсан с а й ы н ;

- осы Нұсқауға 3А қосымшасында көрсетілген нысан бойынша шаруа (фермер) қожалықтары біртұтас жер салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін к о з д е л г е н м е р з і м д е р д е .

Осы тармақта көрсетілген талап құны әлеуметтік салықты енгізетін патент негізінде өз қызметін жүзеге асыратын тұлғаларға таралмайды.

Заңды тұлғаның шешімі бойынша оның филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері өзінің орналасқан жері бойынша аумақтық салық органына декларацияны ұсына және салықты дербес төлеуді жү р г і з е а л а д ы .

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды- ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 21.03.2000 ж. N 210 V001103_ бұйрығымен.

8. Әлеуметтік салық әрбір есепті кезең үшін, айдың екінші жартысындағы жалақыны төлеуге белгіленген мерзімде, бірақ жалақыны төлеуге қарамастан келесі айдың 15-і күнінен кешіктірмей бюджетке төлеуге жатады.

Әлеуметтік салық бойынша бюджетпен нақты есеп айырысу бойынша есепті кезең күнтізбелік ай болып табылады. Біртұтас жер салығын төлеушілер біртұтас жер салығын төлеу үшін белгіленген мерзімдегі есепті кезеңнің әрбір айы үшін әлеуметтік салықты төлеуді жүргізеді. Ескерту. 8-тармақ толықтырылды- ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 21.03.2000 ж. N 210 V001103_ бұйрығымен. Ескерту. 8-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 24.05.2001 ж. N 660 V011583_ бұйрығымен. 9. Салық салынатын кірісті анықтаған кезде төленген әлеуметтік салық сомасы есептелген сома шегінде шығысқа жатқызылады. 10. Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа 1998 жыл үшін еңбекке ақы төлеу жөнінде төленбеген сомалар бөлігінде міндетті

құрылымдық бөлімшелері үшін заңды тұлғалардың әлеуметтік салықты төлеу тәртібі

Заңды тұлғалар Заңның Z952235_104-8-бабына сәйкес өз филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі - құрылымдық бөлімшелер) үшін олардың орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерге болмаса Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстық бюджеттерге әлеуметтік салық төлеуді жүзеге асырады.

Орналасқан орны бойынша оның функцияларының бір бөлігін атқаратын тұрақты жұмыс орны жабдықталған заңды тұлғадан кез-келген аумақтық оқшауланған бөлімше заңды тұлғаның өзгелей оқшауланған құрылымдық бөлімшелері болып түсініледі. Егер ол бір айдан артық мерзімге құрылса, жұмыс орны тұрақты болып есептеледі.

Заңды тұлғалардың өз құрылымдық бөлімшелері үшін төлеуге тиісті салық сомасы Заңның Z952235_104-7-бабына сәйкес әлеуметтік салық есептелмейтін төлемді алып жұмысшылардың жалақысын төлеу қорының есепті кезеңінде құрылымдық бөлімшелерге есептелген сома ретінде айқындалатын көрсеткіштің үлес салмағын ескере отырып есептеледі.

Әлеуметтік салық сомасын төлеуді заңды тұлғаның бас ұйымы тікелей өз банктік шотынан жүргізеді немесе өз құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі. Осы ереже Заңның Z952235_104-10-бабына сәйкес заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшелерге таратылмайды, өзінің орналасқан орны және салықты дербес төлеуі бойынша аумақтық салық органдарында әлеуметтік салық жөнінде декларация беруді жүзеге асырады.

Құрылымдық бөлімшелер бөлігінде әлеуметтік салық сомасының есеп айырысуы әлеуметтік салық бойынша декларациямен бір уақытта 1 А қосымшаға сәйкес келтірілген нысан бойынша заңды тұлға бас ұйымының тіркеу орны бойынша салық органына беріледі.

Жеке балансы және банктік шоты бар өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер, филиалдар және өкілдіктер үшін олардың орналасқан орны бойынша тиісті бюджеттерге төлеуге жатады. Бұл ретте, бас ұйымда көрсетілген құрылымдық бөлімшелердің орналасқан орны бойынша тиісті аумақтық салық комитеттерінде әлеуметтік салық бойынша есеп айырысулар жүргізу үшін дербес шоттар ашылады. Бас ұйымды тіркеу орны бойынша салық органының мөрі және басшысының қолымен расталған есебі көшірмесі әлеуметтік салық бойынша декларация тапсыру үшін салық заңдарында белгіленген мерзімдерде жеке балансы және банктік шоты бар өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер, филиалдар және өкілдіктердің орналасқан орны бойынша тиісті аумақтық салық комитеттеріне беруге жатады.

Өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерде жеке баланс және банктік шот болмаған кезде әлеуметтік салық Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстық бюджеттерге төлеуге жатады. Бас ұйым Астана, Алматы қалаларының немесе облыстардың аумағында болып табылатын аталған өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер үшін әлеуметтік салық бойынша есеп айырысу жүргізу үшін Астана, Алматы қалалары бойынша тиісті салық комитеттерінде немесе облыстық салық комитеттерінде дербес шоттар ашады. Әлеуметтік салық төлеу Астана, Алматы қалалары және облыстары аумағында орналасқан жеке балансы және банктік шоты жоқ өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер үшін есептелген жалпы сомада бас ұйым жүзеге асырады. Бас ұйымды тіркеу орны бойынша салық органының мөрі және басшысының қолымен расталған есеп айырысу көшірмесі әлеуметтік салық бойынша декларация тапсыру үшін салық заңдарында белгіленген мерзімдерде Астана, Алматы қалалары бойынша тиісті салық комитеттеріне немесе облыстық салық комитеттеріне беруге жатады. ҚР МКМ N 46 Нұсқауына N 1А қосымша Ескерту. N 1А-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 21.03.2000 ж. N 210 V001103_ бұйрығымен. Ескерту. N 1А-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 24.05.2001 ж. N 660 V011583_ бұйрығымен. Заңды тұлғаның атауы _____

_____ Салық органы _____ СТТН _____

_____ Беру мерзімі _____ Мекен-жайы, телефоны _____

_____ Банк _____ Банк шоттары _____

_____ Салық органының атауы _____ Заңды тұлғаның

құрылымдық бөлімшелері бөлігіндегі әлеуметтік салық сомасының есебі мың теңге _____

_____ N Бас ұйымның Әлеуметтік Тиісті Жұмысшы. Әлеуметтік Салық және заңды салық салық лардың салық салынатын тұлғаның төлеуге орғанда. еңбекақы есептел. жұмысшы. құрылымдық жүргізі. рының төлеу мейтін лардың бөлімшесінің летін атауы қоры төлемдер. еңбекақы атауы, мекен- бюджет және дің сомасы төлеу қоры жайы және мекен- (Заңның (5-баған- телефоны жайы 104-7 бабы. 6-баған) ның 3-тар. мағы) _____

_____ 1 2 3 4 5 6 7 _____

_____ Заңды тұлғалар бойынша барлығы: _____

_____ Таблицаның жалғасы _____

ЕАТҚ жалпы Төленуге
тиісті салық сомасы сомада (8-баған х 9-баған) 7-бағанда _____
_____ айқындалған барлығы 1 ай 2 ай 3 ай ЕТҚ-ның (9:3 бағ.) (9:3 бағ.) (9:3 бағ.) үлес салмағы, % _____
_____ 8 9 10 11 12 _____

_____ 100,0 X _____
ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ САЛЫҚ ОРГАНЫ Біз осы есепте келтірілген мәліметтердің
дұрыстығы мен толықтығы үшін Заң алдында жауап береміз Есепті қабылдаған
қызметкер Басшы _____
(аты-жөні) (қолы) (аты-жөні) (қолы) Бас бухгалтер _____ (_____
(аты-жөні) (қолы) Күні _____ Күні _____ М.О. ҚР МКМ-нің N
46 Нұсқауына N 2 қосымша Ескерту. N 2-қосымша жаңа редакцияда жазылды -
ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 21.03.2000 ж. N 210 V001103_ бұйрығымен.
Ескерту. N 2-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрінің 24.05.2001 ж. N 660 V011583_ бұйрығымен. 200_ жылғы _____
_ тоқсан үшін әлеуметтік салық бойынша ДЕКЛАРАЦИЯ Заңды тұлғаның атауы
_____ Салық органы _____ СТТН _____
_____ Беру мерзімі _____ Мекен-жайы,
телефоны _____ Аудан _____ қала/облыс _____
Банк _____ Банк шоттары _____
_____ Жұмысшылардың саны _____ адам, соның ішінде шетелдік _____
_____ адам. мың теңге _____
_____ N Көрсеткіш Тоқсан. Тоқсан. Тоқсан. Тоқсан
ның ның ның үшін 1-айы 2-ші 3-айы барлығы айы _____
_____ 1 2 3 4 5 6 _____

_____ 1
Жұмысшылардың еңбекақы төлеу қоры 1а соның ішінде, Қазақстан Республика.
сында тұрақты тұратын немесе уақытша келетін шетелдік азаматтар мен
азаматтығы жоқ тұлғалардың еңбекақы. сын төлеу қоры 2 Әлеуметтік салық
есептелмейтін төлем. дер (104-7-баптың 3-тармағы) 2а соның ішінде, Қазақстан
Республика. сында тұрақты тұратын немесе уақытша келетін шетелдік азаматтар
мен азаматтығы жоқ тұлғалар бойынша 3 Салық салынатын жұмысшылардың
еңбек. ақы төлеу қоры (1-жол - 2-жол) 3а соның ішінде, Қазақстан Республика.
сында тұрақты тұратын немесе уақытша келетін шетелдік азаматтар мен
азаматтығы жоқ тұлғалар бойынша (1а-жол - 2а-жол) 4 Салық ставкасы,% 5

Әлеуметтік салықтың сомасы (3-жол x 4-жол) 6 соның ішінде, Қазақстан Республикасының заңдарында тұрақты тұратын немесе уақытша келетін шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін төленуге жататын әлеуметтік салық сомасы (3-жол x 4-жол) 7* Есепті кезеңдегі ЕТҚ-нан 1,5 пайыз (1-жол x 1,5%) 8 Есепті кезеңнің басында МӘСҚ-на есептелген аударылымдар сомасынан МӘСҚ-нан төленіп келген есептелген жәрдемақылар сомаларынан артығы (Өткен есепті кезең үшін Декларацияның 10-жолынан ауыстырылады) 9 N 46 Нұсқаулықтың ба-тармағына сәйкес есепті кезеңде салық төлеу есебіне есептелінетін МӘСҚ-на есептелген аударылымдар сомасынан МӘСҚ-нан төленіп келген есептелген жәрдемақылар сомаларынан артығы (7 және 8-жолдардың ең аз көлемі көрсетіледі) 10 Келесі есепті кезеңге ауыстырылатын МӘСҚ-нан төленіп келген есептелген жәрдемақылар сомаларынан артығы (8-жол - 9-жол) 11** Есептік кезеңде есептелген жүктілігі мен босануы бойынша уақытша еңбекке жарамсыздығына жәрдемақы 12 Бұрынғы есепті кезеңнен көшірілген (бұрынғы есепті кезең үшін декларацияның 15-жолынан ауыстырылады) жүктілігі мен босануы бойынша уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы 13 Жүктілігі мен босануы бойынша уақытша еңбекке жарамсыздылығы бойынша жәрдемақылардың және бұрынғы есепті кезеңнен көшірілген жәрдемақылардың есепті кезеңдегі есептелген сомасы (11-жол + 12-жол) 14 N 46 Нұсқаулықтың бб-тармағына сәйкес салықты азайтуға қатысты жәрдемақылар мөлшері (7 және 13-жолдардың ең аз мөлшері көрсетіледі) 15 Келесі есепті кезеңге көшірілетін есепті кезеңде еңбекақы төлеу қорынан 1,5 пайыздан асатын жәрдемақылар мөлшері (12-жол - 13-жол) 16 Төленетін әлеуметтік салықтың барлығы (5-жол-8-жол-13-жол) 17 Есепті кезеңде төленген әлеуметтік салық 18 Үстеп төлеуге тиістісі _____

_____ * Егер МӘСҚ-на аударылымдардың есептелген сомасынан МӘСҚ-нан төленген есептелген жәрдемақылар сомасынан асатын болса, Декларацияның 7, 8, 9, 10-жолдары толтырады. ** Декларацияның 11, 12, 13, 14, 15-жолдарын мемлекеттік мекемелер толтырады. ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ САЛЫҚ ОРГАНЫ Біз осы есепте келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Заң алдында жауап береміз Есепті қабылдаған қызметкер Басшы _____

_____ (аты-жөні) (қолы) (аты-жөні) (қолы) Бас бухгалтер _____
_____ (аты-жөні) (қолы) Күні _____ Күні _____

_____ М.О. ҚР МКМ-нің N 46 Нұсқауына N 3 қосымша Ескерту. N 3-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 21.03.2000 ж. N 210 V001103_ бұйрығымен. Ескерту. N 3-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 24.05.2001 ж. N 660 V011583_ бұйрығымен. 200_ жылғы _____ тоқсан үшін әлеуметтік салық бойынша ДЕКЛАРАЦИЯ

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаның аты-жөні _____
Салық органы _____ СТТН _____
Беру мерзімі _____ Аудан _____ қала/облыс _____
Мекен-жайы, телефоны _____ Банк _____ банк
шоттары _____ Жұмысшылардың саны _____ адам, оның ішінде шетелдік _____
адам, АЕК _____ тг., оның ішінде 60% АЕК _____ тг. мың теңге _____
N Көрсеткіш _____
Тоқсан. Тоқсан. Тоқсан. Тоқсан ның ның ның үшін 1-айы 2-ші 3-айы барлығы
айы _____
_____ 1 2 3 4 5 6 _____

1 Жұмысшылар - (жұмыс берушіден басқа) үшін төлеуге тиісті әлеуметтік салық сомасы 1а Соның ішінде, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша келетін шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін төленуге жататын әлеуметтік салық сомасы 2 Есепті кезеңнің айлық салық салынатын кірісі 3 Салық ставкасы (%) 4 Салық салынатын кірістен түскен салық сомасы (2-жол x 3-жол) 5 Төленетін әлеуметтік салық сомасы (1-жол + 4-жол) 6 Есепті кезең үшін төленген әлеуметтік салық 7 Үстеп төлеуге тиістісі _____

ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ САЛЫҚ ОРГАНЫ Біз осы Декларацияда келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Заң алдында жауап береміз Декларацияны қабылдаған қызметкер Басшы _____
_____ (аты-жөні) (қолы) (аты-жөні) (қолы) Бас бухгалтер _____
_____ (аты-жөні) (қолы) Күні _____ Күні _____

М.О. N 3А қосымша Ескерту. N 3А-қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 21.03.2000 ж. N 210 V001103_ бұйрығымен. Ескерту. N 3А-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 24.05.2001 ж. N 660 V011583_ бұйрығымен. 200_ жылғы _____ үшін бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған әлеуметтік салық бойынша
ДЕКЛАРАЦИЯ _____ Салық төлеушінің атауы

: СТТН _____ Ауданы _____ облысы _____
Салық органы _____ Мекен-жайы, телефоны _____
Банк _____ Банк шоттары _____
Беру мерзімі _____ Жұмысшылардың саны _____ адам,
соның ішінде шетелдік _____ адам. мың теңге _____
N Көрсеткіштер _____

1 Шаруашылық басшылары, мүшелерінің, жұмысшыларының жұмыс айларының жалпы саны 2 Айлық есептік көрсеткіші 3 Салық ставкасы (АЕК-нен) 20 % 4 Бір

ай үшін бюджетке төлеуге тиісті әлеуметтік салық сомасы (2 жол x 3 жол) 5
Шаруашылық басшысы, мүшелері, жұмысшылар үшін төлеуге тиісті әлеуметтік
салық сомасының жиынтығы (1 жол x 4 жол) 6 Әлеуметтік салық төленді 7
Үстеп төлеуге (5 жол - 6 жол) _____

_____ Төлеу мерзімдері: 20 қазан _____

20 наурыз _____ ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ САЛЫҚ ОРГАНЫ Біз осы Декларацияда келтірілген
мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Заң алдында жауап береміз _____

_____ (

Шаруашылық басшысының аты-жөні) (қолы) декларацияны қабылдаған

қызметкер Күні _____ М.О. Күні _____

ҚР МКМ - нің N 46 Нұсқауына

N 4 қ о с ы м ш а

Ескерту. N 4-қосымша алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік
кіріс министрлігінің 4.08.1999 ж. N 929 V990886_ бұйрығымен.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық комитетінің 1999 жылғы 10 ақпандағы N 49

Нұсқауына N 4а қ о с ы м ш а

Ескерту. 4а-қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519 V990803_ бұйрығымен. Салық төлеушінің атауы _____

_____ РНН _____ мекен-жайы.

телефоны _____ Ауданы _____ Қаласы/

облысы _____ Банк _____ банк

шоттары _____ үшін зейнетақылар төлеу жөніндегі

мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақылық жарналар бойынша берешекті

өтеу туралы Анықтама _____

_____ N Көрсеткіштер 1998 жыл үшін ЗТМО-қа ЗТМО-қа

ЕАТҚ бойынша берешек төлеуге берешек 1 жатады _____

_____ 1 2 3 4 5 _____

_____ 1. Кезең

басында 2 _____

_____ 2. ЕАТҚ бойынша өтелген 3 берешек _____

_____ 3. ЗТМО-қа өтелген

міндетті зейнетақы қорлары _____

_____ 4. Есепті кезеңнің соңына 4 _____

_____ Салық

төлеушінің заң алдындағы жауапкершілігі Біз осы Декларацияда келтірілген

мәліметтердің нақтылығы мен толықтығы үшін заң алдында жауап береміз
Басшы _____ (фамилиясы,
аты, әкесінің аты) (қолы) Бас бухгалтер _____
_____ (фамилиясы, аты, әкесінің аты) (қолы) Күні _____ Мөр орны Салық
қызметінің органы Салық органы бөлімінің бастығы _____ (күні, қолы)
_____ 1 3-бағанда еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қоры көрсетіледі 2 5-баған стр.1=4-баған стр.1-(3-баған стр.1x3ТМО-қа міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы) 3 5-баған стр. 2=3-баған стр.2x3ТМО-қа міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы 4 5-баған стр.4=5-баған стр.1+5-баған стр.2-4-баған стр.3

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық комитетінің 1999 жылғы 10 ақпандағы N 49
Н ұ с қ а у ы н а N 5 қ о с ы м ш а

Еңбекке ақы төлеу қорына енгізілетін төлемдердің
Т і з б е с і

1. Ақшалай түрдегі жалақы

1. Ұйымға қабылданған еңбекке ақы төлеу нысандары мен жүйесіне қарамастан кесімді бағалар, тарифтік ставкалар, лауазымдық айлықақылар бойынша кірістен проценттер, таза кірістен немесе орташа жалақыдан үлес түрінде орындалған жұмыс (жұмыс істеген уақыт) үшін есептелген жалақы.

2. Тарифтік ставкалар мен айлықақыларға үстеме ақылар мен қосымша ақылар (біліктілік шеберлігі, біліктілік сыныптары және тағы басқалар үшін).

3. Көп жылдық сіңірген еңбек, еңбек стажы үшін сыйақы (проценттік үстеме ақылар, ұйымда үзіліссіз жұмыс ұзақтығы үшін үстеме ақылар).

4. Ағымдағы сипаттағы өндірістік нәтижелер үшін сыйақылар.

5. Арнайы мақсаттағы қаржылар мен мақсатты түсімдер есебінен төленетін сыйақылар, біржолғы көтермелеулер.

6. Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақылар.

7. Демалысқа жыл сайынғы қосымша ақылар (демалысқа материалдық ж ә р д е м) .

8. Еңбекке ақы төлеуді аудандық реттеумен негізделген:

- аудандық коэффициенттер бойынша;

- шөлді, сусыз жерлерде, биік таулы аудандарда жұмыс істегені үшін, сондай-ақ экологиялық жұтау аудандарында жұмыс істегені үшін коэффициенттер мен үкімет шешімдерімен белгіленген өзге де коэффициенттер

б о й ы н ш а

т ө л е м д е р .

9. Еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар (ауыр әрі зиянды, сондай-ақ аса ауыр және аса зиян еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін).

10. Түнгі уақытта жұмыс істегені, көп ауысымды режимде жұмыс істегені үшін қ о с ы м ш а а қ ы л а р .

11. Тұрақты жұмысы жол үстінде істелетін немесе жолсапар сипаты бар жағдайларда немесе қызмет көрсетілетін учаскелер шегіндегі қызметтік іссапарларға байланысты тәулікақының орнына жалақыға қосымша ақылар мен ү с т е м е а қ ы л а р .

12. Құрылыста, қайта құруда және күрделі жөндеуде тікелей жұмыс істейтін қызметкерлер үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жұмыс вахталық тәсілмен орындалғанда жұмыстың жылжымалы және іссапарлық сипаты үшін үстеме ақы.

13. Вахтада жұмыс істеу кестесінде көзделген, ұйымның тұрған жері (жиналу пункті) мен жұмыс орнына дейін және кері қарай жол жүру күндері үшін, сондай-ақ метеорологиялық жағдайларға байланысты және көлік ұйымдарының кінәсінен қызметкерлердің жолда кешіккен күндері үшін тарифтік ставканың, айлықақының мөлшерінде төленетін сомалар (жұмыстар вахталық тәсілмен орындалған кезде). 14. Жерасты жұмыстарында тұрақты істейтін қызметкерлерге олардың шахта (кеніш) ішінде құдықтан жұмыс орнына дейін және кері қарай жүруінің нормативтік уақыты үшін қосымша ақылар. 15. Геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және басқа да жұмыстарында істейтін қызметкерлерге далалық төлемдер. 16. Демалыс және мереке (жұмыс емес) күндері мерзімнен тыс жұмыс үшін ақы төлеу. 17. Жұмыс уақыты жинақталып есептелетін және заңдарда белгіленген басқа да жағдайларда, жұмыс вахталық тәсілмен ұйымдастырылған кезде қалыпты жұмыс уақыты ұзақтығынан тыс жұмыс істеуіне байланысты, қызметкерлерге берілетін демалыс күндері (отгулдар) үшін ақы төлеу. 18. Жыл сайынғы және қосымша демалыстарға ақы төлеу, пайдаланылмаған демалыс үшін ақшалай өтемақы. 19. Ұжымдық шарт бойынша қызметкерлерге, соның ішінде бала тәрбиелеп отырған әйелдерге қосымша берілген демалыстарға (заңдарда көзделгеннен тыс) ақы төлеу. 20. Жұмыстағы арнайы үзілістерге ақы төлеу, жасөспірімдердің жеңілдік сағаттарына ақы төлеу. 21. Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға тартылатын қызметкерлердің жұмыс уақытына ақы төлеу. 22. Ұйымдардың баласында тұрған кәсіптік-техникалық мектептер түлектерінің жұмысы басталуының алдындағы демалыс уақыты үшін ұйымдар төлейтін сомалар.

23. Бұрынғы жұмыс орны бойынша лауазымдық айлықақысы мөлшерлерін белгілі бір уақыт ішінде сақтай отырып басқа ұйымдардан жұмысқа орналастырылған қызметкерлер айлықақысының айырмасын, сондай-ақ уақытша

қызметін атқару кезіндегі айырманы төлеу.

24. Қызметкердің кінәсінен болмаған тұрып қалуларға ақы төлеу.

25. Ұйымдардың жұмысшылары, басшылары мен мамандары біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау жүйесінде жұмыстан қол үзіп оқы кезінде олардың негізгі жұмыс орны бойынша жалақы.

26. Егер сол қаржылар жалақы қорынан есептелген жағдайда, рұқсат етілген ереуілдерге қатысқан қызметкерлерге төленетін сомалар.

27. Уақытша еңбекке жарамсыз болған жағдайда қызметкерлерге нақты жалақысына дейін қосымша ақы.

28. Донор қызметкерлерге тексеру, қан тапсыру және қан тапсырған күннен кейін берілетін әрбір демалыс күндері үшін ақы төлеу.

29. Амалсыз жұмысқа шықпау уақыты үшін ақы төлеу.

30. Жеткіліксіз біліктілігі немесе денсаулық жағдайы салдарынан қызметкердің атқарып отырған лауазымына немесе істеп отырған жұмысына сәйкессіздігіне байланысты әкімшіліктің бастамашылығымен еңбек шарты тоқтатылған жағдайларда; әскери қызметке шақырылуына және тараптардың еркіне тәуелсіз басқа да жағдайларға байланысты төленетін демалыстық жәрдемақы.

31. Жұмыс істелмеген уақыт үшін ақы төлеудің басқа да түрлері.

32. Оның тарифтік ставкаға (айлықақыға) қосымша төленетініне не негізгі ақы төлеу болып табылатынына қарамастан, проценттік немесе комиссиялық сыйақы.

33. Кәсіптерді (қызметтерді) қоса атқарғаны немесе уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін атқарғаны үшін қосымша ақы.

34. Негізгі жұмысынан босатылған және босатылмаған және қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау мен біліктілігін арттыру үшін, оқушылар мен студенттердің өндірістік практикасына басшылық жасау үшін тартылған ұйымдардың білікті жұмысшыларының, басшыларының, мамандарының еңбегіне ақы төлеу.

35. Қызметкердің кінәсіз брак деп танылған, өндірілген өнімдер (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін ақы төлеу.

36. Өндірістік практикасын ұйымдарда өтіп жатқан жоғары оқу орындарының студенттері мен орта арнаулы және кәсіптік-техникалық оқу орындары оқушыларының еңбегіне ақы төлеу, сондай-ақ біліктілік бағдар беру кезеңінде жалпы білім беру мектептері оқушыларының еңбегіне ақы төлеу.

37. Мемлекеттік ұйымдармен арнайы шарттарға сәйкес ұйымда жұмыс істеу үшін тартылған (жұмыс күшін беруге, мәселен әскери қызметшілердің) адамдар орындаған жұмыс үшін есептелген, сол адамдарға тікелей берілген де, мемлекеттік ұйымдарға аударылған да сомалар.

38. Жұмысқа бұйрыққа сәйкес басқа ұйымдардан қосалқы қызмет бойынша қабылданған адамдардың еңбегіне ақы төлеу.

39. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан басқа тізімдік құрамдағы емес мына қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу:

- ұйымдар қызметкерлерінің тізімдік құрамында тұрмайтын адамдардың бір жолғы жұмыстарды (мүлікті жөндеу, әктеу мен сырлау, медицина мекемелерінде дәрігерлердің консультациясы, сараптама жөніндегі жұмыстар және тағы сол сияқтылар) орындағаны үшін: егер орындалған жұмыс үшін қызметкерлермен есеп айырысуларды сол ұйым тікелей заңды тұлғалармен емес, жеке тұлғалармен жүргізетін болса, мердігерлік шарттарды қоса азаматтық-құқықтық сипаттағы жасалған шарттар бойынша жұмыстарды орындағаны үшін еңбегіне ақы төлеу; Мұның өзінде, осы қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге арналған қаржылар мөлшері сол шарт пен төлем құжаттары бойынша сол жұмыстардың (қызмет көрсетулердің) сметасы басшылыққа алынып анықталады;

- тізімдік құрамдағы емес қызметкерлердің қызмет көрсетулеріне (қаламақы) ақы төлеу (аудармалар, консультациялар, лекциялар оқу, радиодан және теледидардан сөйлеу және тағы басқалар үшін).

40. Жекелеген әлеуметтік жеңілдіктер берудің орнына ақшалай өтем:

- асханаларда, буфеттерде, профилакторийлерде тағамдар құнының қымбаттауына ақшалай өтем; - Қазақстан Республикасының заңдарымен кепілдік берілген тұрғын үй, коммуналдық қызмет көрсетулер және т.с.с. бермегені үшін экономиканың жекелеген салалары қызметкерлеріне ақшалай өтем сомалары. 41. Әскери қызметшілер мен ішкі істер органдары қызметкерлеріне ақшалай ақы. 42. Шет ел азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша жүрген азаматтығы жоқ адамдарға жалақы төлеу. Ескерту. 42-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 24.05.2001 ж. N 660 V011583_ бұйрығымен. 43. Әлеуметтік салық төлеушілер мүдделерінде Қазақстан Республикасындағы жұмысы үшін іссапарға жіберілген резидент емес жеке тұлғалардың жалақысына байланысты шығыстар. Ескерту. 43-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 24.05.2001 ж. N 660 V011583 _ бұйрығымен. II. Нақты түрдегі жалақы 1. Нақты ақы төлеу тәртібімен берілетін ө н і м қ ұ н ы .

2. Экономиканың жекелеген салалары қызметкерлеріне тегін берілген (ҚР заңдарына сәйкес) коммуналдық қызмет көрсетулер, тағам, азық-түлік құны; Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкерлерге тегін берілген тұрғын үйге ақы төлеу жөніндегі шығындар.

3. Темір жол, авиа, теңіз, өзен, автомобиль көлігі мен қалалық электр көлігі қызметкерлерінің жол жүруі жөніндегі жеңілдіктер құны.

4. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тегін берілетін, тұрақты

жеке пайдалануда қалатын заттардың (нысанды киім-кешекті қоса) құны немесе оларды төмен бағамен сатуға байланысты жеңілдіктер сомасы.

5. Қызметкерлер мен олардың балаларына емделуге, демалуға, экскурсиялар мен сапарларға жолдамаларды ұйым қаржылары есебінен ақы төлеу.

6. Қызметкерлерге тағамды тегін немесе төмендетілген бағалар бойынша беру (Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін арнайы тағамнан басқа).

7. Ұйым қызметкерлеріне берілетін немесе қосалқы шаруашылықтар ұйым қызметкерлерін қоғамдық тамақтандыру үшін босататын өнімге (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) баға айырмасын өтеу жөніндегі шығындар.

8. Өз қызметкерлерінің медициналық жәрдем көрсетулеріне денсаулық сақтау органдарымен жасалған шарттар бойынша емханалардың қызмет көрсетулеріне ақы төлеу жөніндегі шығындар, балаларды мектепке дейінгі мекемелерде ұйым қаржылары есебінен ұстау үшін ақы төлеу.

9. Тұрғын үйге, пәтер ақысын, жатақханадағы орынға ақы төлеу.

10. Жұмыс орнына жалпы пайдаланудағы көлікпен, арнайы маршруттармен, ведомстволық көлікпен жүруге ақы төлеу.

11. Ұйымдар өз қызметкерлерінің пайдасына жасаған жеке және мүліктік сақтандыру шарттары бойынша ұйымдар төлейтін сақтандыру төлемдері (ж а р н а л а р) .

12. Басқа да жеңілдіктер (балалары мен отбасы мүшелерін оқытуға ақы төлеу, дене сауықтыру топтарына, секциялардағы, клубтардағы абонементтерге, газеттер мен журналдарға жазылуға, протез жасатуға және т.с. ақы төлеу).

13. Қызметкерлерге мерейтой күндеріне немесе көтермелеу түрінде берілетін сыйлықтар (машиналарды, пәтерлерді, ұзақ мерзім пайдаланылатын заттар мен басқа да тауарларды, сондай-ақ қызметкерлердің жеке шоттарындағы проценттік ставкаларды арттыруды қоса) сатып алуға шығындар.

III. Еңбекке ақы төлеу қосылатын басқа да төлемдер

1. Жұмыс көлемінің қысқаруына немесе жұмыс сипатының өзгеруіне байланысты жұмыстан босатылатын қызметкерлерге жұмыстан шығу жәрдемақысы (ұйым таратылған, адам саны, штат қысқарған және т.с.с., б о с а т ы л ғ а н ж а ғ д а й л а р д а) .

2. Қызметкерлер санының немесе штаттың қысқаруына, ұйымның қайта құрылуына немесе таратылуына байланысты жұмыстан босатылған қызметкерлердің жұмысқа орналасуы кезеңінде төленетін сомалар.

3. Бұл ұйымда жұмыс істемейтін адамдарға көрсетілетін материалдық жәрдем (зейнеткерлерге, мүгедектерге, қайтыс болған қызметкерлердің отбасына

көрсетілетін материалдық жәрдемнен басқа).

4. Қызметкерлерге растайтын құжаттар болған жағдайда бала туған кезде, ақылы медициналық операциялар жасату үшін, жерлеуге көрсетілетін материалдық жәрдем.

5. Қызметкерлердің жұмысына байланысты жарақаттанумен немесе денсаулығына өзге де зиян келтірген залалға өтем ретіндегі төлемдер (алынбаған жалақы бөлігіндегі төлемдерден басқа).

6. Кешкі және сырттай жоғары және орта арнаулы оқу орындарында, сырттай аспирантурада, кешкі (ауысымды) кәсіптік-техникалық мектептер мен кешкі (ауысымды) жалпы білім беретін мектептерде оқитын, сондай-ақ аспирантураға түсетін қызметкерлерге берілетін оқу демалыстарына ақы төлеу.

7. Жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітірген жас мамандарға, сондай-ақ кәсіптік-техникалық мектеп түлектеріне жұмыс басталар алдындағы демалыс уақыты үшін ұйымдар төлейтін сомалар.

8. Ұйымдар жоғары және орта арнаулы оқу орындарына оқуға жіберген студенттер мен оқушыларға ұйым есебінен төленетін стипендиялар. 9. Қызметкерлерге құрылысқа, тұрғын үй сатып алуға, тұрғын үй жағдайын жақсартуға берілетін материалдық жәрдем, субсидиялар, қызметкерлерге осы мақсаттарға арнап берілген қарыздарды (соның ішінде ипотекалық) өтеуге арналған шығындар. 10. Уақытша еңбекке жарамсыздық күндеріне ақы төлеу. 11. Жүктілік пен босану жөніндегі демалысқа ақы төлеу. 12. Егін жинауға және мал азығын дайындауға немесе монтаждау, реттеу, құрылыс жұмыстарын орындау үшін іссапарларға жіберілген қызметкерлерге тәулікақы мен пәтерақылардың орнына Қазақстан Республикасының Үкіметі көзделген мөлшерлерде негізгі жұмыс орны бойынша сақталатын орташа жалақы сомалары. 13. Авторлық қаламақы. 14. Жаңалықтар, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстар үшін 5 сыйақылар. 15. Спорт жарыстарында, байқауларда, конкурстарда және т.с.с жүлделі орындарға берілетін ақшалай сыйлықтар. 16. Басқа жерге жұмысқа ауысқанда немесе көшкенде жол жүру, мүлікті алып жүру және тұрғын үй жалдау жөніндегі шығындарды өтеу. 17. Берілген арнайы киімнің, арнайы аяқ киім мен басқа да жеке қорғаныс құралдарының, сабынның, май кетіретін құралдардың, сүт пен емдік-профилактикалық тағамның құны. 18. Ескерту. 18-тармақ алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 24.05.2001 ж. N 660 V011583_ бұйрығымен. 19. Қызметкердің денсаулығына жарақат немесе өзге де зиян келтірілген жағдайда жалақыны өтеу.

N

6

қ о с ы м ш а

Ескерту. 6 қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің

24.05.2001 ж. N 660 V011583_ бұйрығымен. Әлеуметтік салықты есептеу мен төлеу үшін резидент емес жеке тұлғаның қазақстандық көзден болжанған кірісі туралы АНЫҚТАМА Әлеуметтік салықты төлеуші _____

_____ Резидент емес жеке тұлғаның аты-жөні _____

_____ Қазақстан Республикасында жүру кезеңі: _____ Нақты болу орны _____

_____ Салық Кіріс сомасы Қазақстан Республикасы Теңгеде кіріс жылының Ұлттық Банкінің теңгеге сомасы айлары* шетел валютасының бағамы _____

_____ 1 2 3 4 _____

_____ Қаңтар Ақпан
Наурыз Сәуір Мамыр Маусым Шілде Тамыз Қыркүйек Қазан Қараша Желтоқсан
Салық кезеңі үшін жиынтық _____

_____ Қолы _____ Күні _____ *

Қазақстан Республикасында нақты болған айлары толтырылады. Оқығандар:
У м б е т о в а А . М . И к е б а е в а А . Ж .